

**Абекенова Г.Н.,** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, КС-31 тобы, студент

(*Ғылыми жетекшісі – ф.э.к, доцент Такиров С.У.*)

### **Ә.НҰРПЕЙІСОВТИҢ «СОҢҒЫ ПАРЫЗ» РОМАНЫНДАҒЫ АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ТАҒДЫРЫ**

XX ғасырдың сүргінге толы кезеңін өз шығармашылығында шебер бейнелеп, «суреткер» атанған қарымды қаламгер – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Әбдіжәміл Нұрпейісов өткен ғасырдың зобалаң кезеңін көзімен көріп, көңіл таразысына салып, шығармаларында шарықтатты. Ол сол дәуірді көзімен көріп қана қоймай, шын жанашыр, елін, жерін сүйетін, ұлт қамын ойлаған азаматқа айналды. Мақтауды да, сынды да орнымен көтере білетін Әбдіжәміл Нұрпейісов даналық пен қарапайымдылықтың үлгісі атанды. Жазушы жаңа бастамамен, жаңа ағыммен, озық әдебиеттің бастамасын жасап, бүкіл әлемге классик деген атпен танылды.

Әдебиет – адам тағдыры, қоғам тағдыры. Ә.Нұрпейісов – белгілі бір дәуірдің куәсі. Қаламгердің романдары дәуір басындағы ашаршылық жылдарынан басталып, соғыс кезеңін, экологиялық проблемаларды, Адам тағдырын арқау етеді. «Курляндиядағы» шытырман оқиға, «Қан мен тердегі» қайшылығы мол аласапыран шақ «Соңғы парызда» адамзат алдында тұрған Адам мен табиғат, Дүниетаным мен Жаратылыс арақатынастарын қозғай білген күрделі шығармаға кеп ұласты.

Қаламгердің шығармалары саны жағынан аз болғанмен, әлем танырлықтай деңгейі бар. «Сөз» деген қасиетті ұғымды ерекше кие тұтатын Әбдіжәміл ата әрбір шығармасын жауапкершілікпен жазады. Заманның өзгергенін көзбен көрген жазушы сол себепті де шығармаларын көп өзгеріске ұшыратады. Әдебиет әлемінде жазушы еңбегі санмен емес сапамен, молмен емес азбен өлшенетінін білсе керек Ол туралы Дулат Исабеков былай дейді: «Шығармадағы кесек эпизодтар ғана емес, әр көрініс, әр сәт, әр сөз үшін жазушының қанша қайрат, қанша жігер, қанша тер төгетіні, тіпті, жазылып, жарияланып, басқа тілге баяғыда аударылып біткен шығармасының өзін қайта шимайлап жатуы екінің біріне біткен жауапкершілік емес. Оның сөзге деген талғампаздығы мен асқан жауапкершілігі бәрімізді тандандырмай қойған емес»[1,143]. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің сөзге, сөзден құралар шығармаға деген талғамы, принципі, кредосы осылай.

Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармаларындағы әрбір көтерілген мәселенің бүкіл адамзатқа маңызы ортақ. Романдарындағы адамзаттың тағдырын бейнелейтін эпизодтарға адамзат баласы саналы түрде қарауы шарт. «Ә.Нұрпейісов романы – адам жанының қырық қатпарын бар болмысымен ашып көрсетуге арналған. Олардың қоршаған ортасы, болмысы, тауқыметі, географиясы, аты-жөндері қазақ, бірақ арқалаған жүгі мен арпалысы, алға қойған өмірлік кредолары жалпыға ортақ. Өзіміз әбден айтып үйренген әдебиеттің жалпыадамзаттық, дүनियाуи құндылығы деген осы» - дейді Дулат Исабеков[1,145].

Ә. Нұрпейісов шығармаларынан «Қан мен тер», «Соңғы парыз» атты романдарды оқымаған адам кемде-кем. Әуелі байдың жылқысын баққан, одан балықшы, кейін жұмыр жердің бетіндегі тіршілік атаулы әділет пен зорлық деп аталатын екі бөлек дүниенің арпалысына түскенде қару алып, қан майданға шыққан балықшы Еламан, сұлу да тәкаппар Ақбала, ақыл-парасаты мен қулық сұмдығы қай кезде де қатар жүретін сұлу, жас мырза Тәңірберген, суқит Судыр Ахмет, қарсы алдында қанға бөгіп жатқан адам көрсе де міз бақпай өте шығуға бар Қалау, сезімге шорқақ, доғал Төлеу, әрі соншалықты балажан, әрі жаны нәзік, сөйте тұра безбүйрек те қатал болып көрінетін Сүйеу қарт... Сол Еламан өмірінің жалғасындай, бүгінгі заманның Еламанындай – Жәдігер, сол Ақбаланың бүгінгі сіңілісіндей Бәкізат, сол ажарын да, сол ақылы мен қулық-сұмдығын да бүгінгі заманға қайтадан өзімен бірге ала келген Тәңірбергендей академик Әзім. Бұл шығармалардың бірінде соғыс жағдайы, бірінде отбасылық өмірдің проблемалары суреттелсе де, тақырыптың түйісетін жері – Арал теңізінің тағдыры.

Нағыз балықшы көлдің беті толқын атып жатқанда суға қармақ тастайды. Сол секілді Арал теңізінің тағдырын өзінің парызына айналдырған қаламгер романдарымен әлемге танылды. Шындықты шығармалары арқылы жеткізген Ә.Нұрпейісов – қайсар қаламгер. «Әдебиеттегі сонылықты біреулер ешкім жазбаған тақырыпты жазу деп түсінсе, біреулер қай тақырыпта жазсаң да, өзіңше жазып, өзгелер бармаған астарды ашып, өзгелер байқамаған құпияларды паш ету деп біледі. Әбдіжәміл Нұрпейісов соңғы топқа жататын қаламгер. Сондықтан да ол шығармасының төркін-

төсегін Арал деп ұғады. Тіпті «Күткен күннің» өзін соғыс туралы роман деп түсінбейді. Ойда жоқта қанды топанның ортасы түскен алыстағы Арал қазағының көргендері мен сезінгендері жайлы кітап деп ұғады» - дейді Әбіш Кекілбаев[2].

Әбдіжәміл Нұрпейісов өзінің бір сөзінде «Соңғы парыздан» гөрі, «Қан мен терде» Арал тағдыры көп көтерілгендігін айтады. Тарих қайталаанады. Алтын Орда дәуірінде де Арал қазіргідей тартылып кеткен. Оған аңдық стильде жасалған әшекейлер мен екі мыс теңгенің археологиялық ескерткіш болып табылуы дәлел болады. Бірақ, ол дәуірден кейін Арал теңізі қайта қалпына келіп, арнасы толған. Адамзат тарихында жер бетінен жойыла жаздаған бірінші теңіз – Арал, қайта қалпына келген де – Арал.

Ә.Нұрпейісовпен көп әңгімелескен, шығармалары туралы толымды пікір айтып жүрген Смағұл Елубай Аралдың экологиялық мәселесі көтерілген «Соңғы парыз» туралы былай дейді: «XX ғасырдың аяғында жазылған «Соңғы парыз» айдай әлем алдында «мен» деп көкірек соққан Кеңес Одағы құрған қоғамның жалған бет-пердесін жыртқан роман. Партияның «Жарқын болашақ» , «дамыған коммунизм» деп аталатын дәуіріне оңдырмай өлтіре соққы берген роман. Аралынан айырылып қаһарға мінген қаламгердің соңғы парызы Қазақстанды экспериментке айналдырған коммунистерге қарсы айдай әлем алдында майдан ашу болғанға ұқсайды. Жазушы сол мақсатына жете білген» [1,153]. Романнан біз Аралға жасалған кеңестік эксперименттің бұндағы жергілікті халық үшін қаншалықты алапат заманақыр болғанын көреміз.

Қолдан жасалған экологиялық апаттың зардабын Арал халқы әлі күнге дейін тартуда. Көк теңіздің болмауы салдарынан, табиғат аса өткір апатқа ұшыраған. Жазда кей ауылдық жерлерде қуаңшылық белең алып, көшелер шаңға толады. Көк теңіздің тартылуынан Арал теңізінде ғана кездесетін балықтардың (бекіре, ақбалық, жайын, қаяз) саны азайып кеткен. «Соңғы парыз» романындағы балықшылар өмірінің көрінісі сөзімізге дәлел бола алады.

«Балық терең суды іздейді, ал адам жақсы жерді іздейді». Жәдігер мен Бәкізат арасындағы отбасылық мәселелерді айтар болсақ, отбасын махаббатпен құрмаса, ол жерге бақыт келеді деп күтудің қажеті жоқ. Сол секілді, табиғат-Ананы жан-жүрегіңмен аялап сүймесең, тағылық танытып таптап өтсең, табиғат сырқатқа ұшырайды. Шығармада қатар көрініс табатын табиғат экологиясы да, отбасы экологиясы да адам қолымен жасалып жатыр. Осылайша, Адам тағдыры мен Арал тағдыры шығармада шебер байланысып, үйлесім табады.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің қазіргі заман әдебиетіндегі шыңы – «Соңғы парыз» романы. Төрт мәрте басылымнан өткен романда отбасы мәселесі, Адам тағдыры, экологиялық ахуал сендей соғылысып жатады. Жазушы, Арал өңірінің төл перзенті Молдахмет Қаназ: «Бұл романның жаңалығы – депрессияға түскен қоғам, адам, табиғат бейнесінде» деген пікір айтады. Расында, бұл шығармаға «депрессия» ұғымы алыс емес. Ә.Нұрпейісов романдағы Арал тағдырын Адамның көңіл-күйімен, сезімімен, проблемаларымен суреттейді. Арал теңізінің тартылуынан ел де, жер де, адам, қоғам, табиғат та депрессияға түскен дегенге саяды.

2015 жылы романның «Сондай да бір күн болған» деп аталатын соңғы басылымы жарық көрген. Ә.Нұрпейісов осы басылымды болашаққа аманат ретінде тапсыруын, жалпы алғанда, редакциялауды Серік Байхоновқа табыстайды. Белгілі жазушы Серік Байхонов дилогия туралы былай дейді: «Соңғы парыз» депрессиялық емес, реакциялық роман. Арал теңізі тартылғаннан кейін адамдар жүдеп, азып кетті. Роман соны дәлелдейді». Романды толығымен не депрессиялық, не реакциялық роман деу қате болар еді. Себебі, романды жазып отырған қаламгердің негізгі принципі – болашаққа үміт сыйлау. Қаламгердің шығарма соңын шырылдап ұшқан үміт сәулесімен аяқтауының нышаны да – осы , жазушының болашаққа деген тілегі де – осы: «Сөнер алдында сәулесін сарыққан әлсіз жанарын эзер көтеріп, жаңа, тап жаңа ғана арыстай азаматтың кеудесінен құс боп ұшқан шыбын жанның соңынан телмендеп әлі қарап тұр. Көзінде жас. Мәлт етіп омырауға тамған екі түйір сол бойда мөлдіреген мұз моншаққа айналды. Бірақ оны әйел сезген де, білген де жоқ. Еріні жыбырлады: «Ұш,пақыр!» - деді; «Берекесі кеткен дүниенің тағы бір қарлы қара дауылын басынан өткізіп,енді,әне,шығыстан қызарып атып келе жатқан жарық күннің жаршысындай ұйқысынан жаңа оянып жатқан адамдарға жет» - деді; «желтоқсанның тағы бір қарлы дауылында бұлар бастан кешкен бар-бар шындықтың түгін қалдырмай, түгел айт!»- деді. «Шырылда!» - деді. «Дүниеде ештеңеге тұлға болмасаң да, бірақ сен аман бол!» - деді. «Шырылда! – деді. – Шырылда! Шырылда,байғұс!» (3, 445).

Роман соңындағы шырылдап ұшқан құс, аяқ асты ойға оралып, туа салған күтпеген шешім емес. Болашаққа деген үміттің бейнесін беретін бұл құс Ә.Нұрпейісовтің үш кітабында кездеседі. Сол себепті де, шырылдап ұшқан құс – жазушының ішкі әлеміндегі қайталанбас символ.

Әркімге туған жері – Мысыр шаһары.Төсінде жүрсе білінбейтін, алысырақ кетсе, ойынан кетпейтін, мәңгілік сағынышқа айналған Арал теңізі Ә.Нұрпейісовтің басты тақырыптарының бірі болуы – заңдылық деп ойлаймын. Бүгінде халық арасында көп айтылатын «Аралдан су ақпайды, балық ағады» деген сөз елес болып қалған. Қазіргі таңда Көкаралды салып, Кішкаралды сақтап қалу мәселесі, «Арал. Ғасыр жобасы» әлемдік деңгейде іске асырылуда. Әбдіжәміл Нұрпейісов сыйлаған үміт бар қазақтың кеудесінде «Теңіз қайтып келеді. Теңіз қайтып келеді» деп жаңғырары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ӘБЕ: Ғұмырнамалық эссе/ Құрастырушылар:С.Құттықалам, Ж.Жұмадінқызы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2010 ж. – 384 бет.
2. Әдебиет порталы: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/3506>
3. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Жазушы баспасы,1999. – 445 бет.

**Айдарова А.С.**, Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, гр. ГИ-43, студентка  
(*Научный руководитель – к.и.н., доцент, заведующая кафедрой археологии, этнологии и Отечественной истории Абдрахманова К.К.*)

### **ЖЕНЩИНЫ-МЕДИКИ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ: ГЕРОИЗМ И ФРОНТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ**

Всегда считалось, что война – дело мужское. Однако, во времена Великой Отечественной войны с 1941 по 1945 годы, женщины не остались в стороне, они защищали свою Родину наравне с мужчинами. Медики-фронтовики внесли огромный вклад в приближение Победы. Сотни тысяч наших воинов вернулись с фронта Великой Отечественной войны благодаря самоотверженному труду медработников.

С первых дней войны медики подлежали немедленной мобилизации, так как относились к категории военнообязанных. Практически все медицинские образовательные учреждения Союза перешли на скорейшую подготовку медицинского персонала. В течение 1941–1942 гг. вузами страны в ряды Красной Армии были направлены более 65 тыс. врачей, более 80 тыс. были призваны из запаса [1, 8].

С территории Казахстана в 1941-1945 гг. было мобилизовано 1109 девушек и молодых женщин из числа врачей и медсестёр. Медицинские кадры – врачи, медсёстры и санитарки нужны были для функционирования медико-санитарных батальонов, полевых подвижных госпиталей, эвакогоспиталей и санитарных эшелонов, прифронтовых госпиталей и боевых соединений. По официальным данным, из Казахстана на фронт отправились 5183 женщины. Среди фронтовых врачей 41 процент были женщинами, среди фельдшеров – 43 процента, женщинами были 100 процентов медсестёр [2, 209]. Казахские женщины в годы Великой Отечественной войны показали себя как стойкие духом патриотки, вдохновляющие воинов на подвиги во имя Родины.

В годы Великой Отечественной войны тысячи военных медиков исполняли свой гражданский и профессиональный долг на фронте и в тылу. Прежде всего, они старались организовать успешное лечение раненых и больных, обеспечить санитарно-эпидемиологическое благополучие фронта и тыла.

Лечение раненого бойца происходило непосредственно после ранения, на поле боя. Все медицинские работники прекрасно осознавали, что помимо несовместимых с жизнью травм, одной из основных причин гибели пострадавших солдат являются шок и кровопотеря. Одной из главных условий успеха, в такие моменты, является помощь в кратчайшие сроки, а также качество оказания своевременной медицинской помощи [3, 143]. Нельзя забыть врачей, медсестер, санитарок, всех тех, кто работал в тылу и помогал вернуться к жизни людям, которые были близки к смерти, смотрели ей в лицо. Хрупкие, молоденькие девушки-санитарки, сколько им пришлось вынести на своих плечах. В пороховом дыму, под пулями, между воронками и рвущимися снарядами, закинув санитарную сумку за спину, они без усталости переползали от одного раненого к другому, делая им перевязки, оттаскивая в воронки и другие укрытия, сохраняя полностью их оружие. Сколько спасено советских воинов, выбывших по ранению из боевого строя, и сколько вернулось в него – не перечислить.